



Бекітемін:
«ЖШС «Абзал» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі:
Менлибекова Ж.О.

**«Көгершін» ересек тобының
жазғы-сауықтыру іс-шаралардың
перспективалық жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Тәрбиешілер: Арипбекова Г

«Абзал» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
«Көгершін» ересек тобы
Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы 1апта	
Балаларды қорғау күніне арналған «Балақайлар шеруі» Жаз мезгілінде көбелек, шыбын, құрбақа (тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелеу дағдысын дамыту	03.06.24
Гүлдер мен көкөністерді қағаздан құрастыру. Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын жетілдіру.Сөйлеу мен тілін дамыту үшін жетекші сұрақтар қою.	04.06.24
Балаларға таныс ертегілер кейіпкерлерінің киімдерін кию арқылы сахналату. Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу.	05.06.24
Суда қағаздан жасалған кемелер сайысын ұйымдастыру. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен)	06.06.24
Ойыншықтар туралы мультфильм тамашалату.	07.06.24
Маусым айы 2апта	
Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.	10.06.24
Күннің жылынуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды толтырып күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін серуенге шыққанда судың ысығанын бақылату. Су әлемі туралы жұмбақтар шешуін ұйымдастыру, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	11.06.24
Өсімдіктерге қамқорлықты табиғаттағы еңбек арқылы таныту. Өз топтарының ауласындағы гүлдерге су құюды ұйымдастыру. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуін ұйымдастыру.	12.06.24
Шығармашылық студиясында саз балшықтан түрлі түсту және түрлі көлемде алмаларды жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	13.06.24
«Дені саудың – жаны сау» атты спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру.	14.06.24

«Болады-болмайды», «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойындарын ойнату.	
Маусым айы 3 апта	
Балабақша мед бикесі мен аспаздар атты желілі ойындарды ұйымдастыру «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлету (ұжымдық жұмыс).	18.06.24
Дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.	19.06.24
Музыка маманының жоспары бойынша музыкалық іс шара. «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу.	20.06.24
Қимылды ойын «Орамал тастамақ». Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.	21.06.24
Маусым айы 4 апта	
Көркем шығармаларды сахналау.«Шалқан» ертегісі. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	24.06.24
Құстар әлемі. Құстарға жем беру -торғай, кептер, сауысқан, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу, тақпақтар жаттату.	25.06.24
«Көңілді доп» үйірмесі.Доппен өтетін ойын түрлерімен таныстыру	26.06.24
Музыка оқу қызметінде өткен әндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру	28.06.24
Шілде айы 1 апта	
Доппен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату Қимыл-қозғалыс ойыны «Бақшадағы қояндар».	01.07.24
Құрбақа(тасбақа) өмірін бақылау, әңгімелету. «Ерте, ерте, ертеде» атты тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу.	02.07.24
«Раушан, райхан» гүліне бақылау, гүлдерді салыстыру, түсін , исін әңгімелету. Гүлдердің суретін салғызу, құмда және мольбертте.	03.07.24
Әженің ертегі кітабынан ертегі оқып беру. Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	04.07.24
«Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концерт ұйымдастыру	05.07.24
Шілде айы 2 апта	

Балалардың қалауы бойынша ертегіні айтып беру, сахналату	09.07.24
«Су патшалығындағы ойындар» ойнату	10.07.24
Саз балшықтан үй жануарларын жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	11.07.24
Саусақ театры арқылы балалардың қалауы бойынша қойылым жасату	12.07.24
Шілде айы 3 апта	
Дәстүрден тыс материалмен сурет салғызу. Көкөністердің шырынымен бояту	15.07.24
Үлкен ыдыстарға (керсен) су құйып, қағаздан жасалған кемелерді жүздіру. Балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету үшін «Судың қасиеті», «Мөлдір-лайқа», «Ауа мен су» тақырыбында тәжірибелерді жасауға жағдай жасап, ұйымдастыру Су бетінде сурет салу дағдысын қалыптастыру	16.07.24
Балалар ұнататын мультфильмдерін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік «Тату-тәтті отбасы» ойынын ұйымдастыру	17.07.24
Бау мен бақша қандай болады тақырыбында суреттер көрсетіп, әңгімелету. Топ ауласын қоқыстан, тастардан тазалауға баулу, аула гүлдеріне, ағаштарына су құюды ұйымдастыру.	18.07.24
«Әке көрген оқ жонар» тақырыбы негізінде зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасату. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.	19.07.24
Шілде айы 4 апта	
Жалпы топтық биді (Флешмоб) ұйымдастыру	22.07.24
Нептун күніне арналған спорттық ойындар ұйымдастыру. «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен жаттығулар жасату.	23.07.24
«Емхана», «Дүкен» тақырыбында желілі ойындарды ұйымдастыру. Ол жерде жұмыс жасайтын мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	24.07.24
«Түсіне қарай топтастыр» дидактикалық ойыны негізінде балаларға әр түсті бет орамалдарды, доптарды, шариктерді беріп, салыстырып түсіне қарай жинауды пысықтау	25.07.24
Балаларға көліктер мен үй жиһазы жайлы кітаптарды беріп тамашалату, әңгіме айтуға жағдай жасау.	26.07.24
Шілде айы 5 апта	
«Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру. «Қоймадағы тышқандар» кимылды ойынын ойнату	29.07.24
«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын	30.07.24

қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Сюжетті рөлдік ойындар ұйымдастыру	
Торғай, кептер, сауысқан құстарына жем беру, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу	31.07.24
Түрлі көлемді доптар қандай ойынға қолданады таныстыру – футбол, баскетбол, тенис, оларды түрлі нысанға тастау ойындарын ойнату	01.08.24
Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасату. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауын ұйымдастыру.	02.08.24
Тамыз айы 1 апта	
Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылату, жем бергізу. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	05.08.24
Балалар ұнататын мультфильмін көрсету, мазмұнын әңгімелету.	06.08.24
Күн әсері мен шуағына бақылау жасату, әңгімелету. Құмнан төбешіктер жасату	07.08.24
Аула гүлдерін тану, атын атау, су құйып күтім жасату Балабақша ауласын тазартуда көмек беру, су шашу. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойынын ойнату	08.08.24
Балаларға саз балшықтан жемістер мен ыдыс аяқты жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	09.08.24
Тамыз айы 2 апта	
Әр түрлі әдістермен жүгіруден жарысұйымдастыру Таза ауада ұлттық ойындарды ойнату: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	12.08.24
«Шаштараз» , «Асхана» желілі ойындарды ұйымдастыру, мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір - бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	13.08.24
Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фото альбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдату. «Бауда ма, әлде бақшада ма?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру	14.08.24

Ағаштар жайлы кітаптарды беріп тамашалату, әңгіме айтуға жағдай жасау. Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу жұмыстарын ұйымдастыру.	15.08.24
Көңілді билер. Әр түрлі ұлттардың ұлттық биін билету. «Жемістер мен көкөністер» фестивалін ұйымдастыру; Жұмбақтар мен тақпақтар сайысын өткізу;	16.08.24
Тамыз айы 3 апта	
Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелету; - асықтарды дайын бояулармен бояту, безендіру; - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	19.08.24
Сүйікті ертегі айдарымен үстел үсті театры, кейіпкерлерді алып, рөлді орындауды үйрету. Достық туралы ән тыңдату, бірге айтуын ұйымдастыру. «Досыма сыйлық» жапсыру жұмысын жасату	20.08.24
Топ ауласына ұшып келген құстарды бақылату, олар немен көректенеді (құмырсқа,қоңыз,өрмекші), олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу.	21.08.24
Секіретін доптармен ойын, олармен жарыса секіріп түрлі нысанға жетуді үйрету	22.08.24
Балалардың қалауымен әр түрлі бояу құралдарын пайдаланып еркін сурет салғызу	23.08.24
Тамыз айы 4 апта	
Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу	26.08.24
Лақ – жайлы әңгіме айту, оны еркелетіп сипауды ұйымдастыру	27.08.24
Балаларға таңдау еркіндігін беріп, қалаған затын жасату. Шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрін қолданып жүннен, мақтадан, түймелерден жәнет.б. өзіне ұнаған бейнені қағазға жапсырып жасату;	28.08.24
Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін киіп ертегіні сахналату. «Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», тақырыптарға әңгімелесу.	29.08.24

Әдіскер: Токкулова Г.